

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағымен шектес Ресей Федерациясы аумағында жауынгерлік жұмыстар жүргізу кезінде апаттар туындаған жағдайда өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы келісім жасасу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 26 тамыз N 1310. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 маусымдағы N 653 қаулысымен. ~P020653

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағымен шектес Ресей Федерациясы аумағында жауынгерлік жұмыстар жүргізу кезінде апаттар туындаған жағдайда өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Сәт Бесімбайұлы

Токпақбаевқа принципті сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, ресей тарабымен келіссөздер жүргізуге және Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан аталған Келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының
Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының аумағымен
шектес Ресей Федерациясының аумағында жауынгерлік
жұмыстар жүргізу кезінде апаттар туындаған жағдайда
өзара іс-қимыл жасау тәртібі туралы

Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 28 наурыздағы өнеркәсіптік апаттардың, қираулардың, табиғат зілзалаларының алдын алу және олардың зардаптарын жою саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімді басшылыққа ала отырып төмендегілер туралы к е л і с т і :

1 - б а п

Осы Келісім Тараптардың Қазақстан Республикасының аумағымен шектес Ресей Федерациясының аумағында жауынгерлік жұмыстарды іске асыру кезінде апаттар туындаған жағдайдағы міндеттерін, апат жағдайында өзара құлақтандыру рәсімдерін, сондай-ақ апаттың зардаптарын жою үшін Тараптардың қажетті күштер мен құралдар тартуы тәртібін анықтайды.

Осы Келісім Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан және Ресей Федерациясының жалдауындағы әскери-сынақ полигондары мен "Байқоңыр" кешенінің қызметіне байланысты қатынастарды реттемейді.

2 - б а п

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

"жауынгерлік құралдар" Қазақстан Республикасының аумағымен шектес Ресей Федерациясы аумағында жауынгерлік жұмыстар жүргізу кезінде штаттық емес ахуалдар туындаған жағдайда тактикалық-техникалық сипаттамалары Қазақстан Республикасының аумағына жетуге мүмкіндік беретін кез-келген басқарылмайтын және басқарылатын снарядтарды, зымырандарды, зымыран-нысаналарды, ұшқышты және ұшқышсыз ұшу аппараттарын, басқарылмайтын және басқарылатын авиациялық ату құралдарын білдіреді;

"штаттық емес ахуалдар" басқарудың (көздеп келтірудің) жауынгерлік құралдарында немесе жер үсті құралдарында жауынгерлік құралдың тапсырылған траекториядан ауытқуына және жауынгерлік құралдың тапсырылған учаске аумағының сыртына құлауына әкеліп соқтыратын а х а у л а р д ы ң т у ы н д а у ы н білдіреді;

"жауынгерлік жұмыс" жауынгерлік жаттығу немесе сынақ оқ атуларын, ұшыруларды, ұшуларды, жауынгерлік құралдар тастауларды жүргізуді білдіреді;

"апат" Қазақстан Республикасының аумағымен шектес Ресей Федерациясы аумағында жауынгерлік жұмыстар жүргізу кезінде штаттық емес ахуалдың тууы салдарынан жауынгерлік құралдың немесе оның бөлшегінің Қазақстан

Республикасының аумағына құлауын білдіреді.

3 - б а п

Тараптар осы Келісім бойынша өкілетті органдарын былайша анықтайды:
Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Төтенше оқиғалар жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
Ресей Тарапынан - Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі.
Жоғарыда аталған өкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақытылы жазбаша хабарландырылатын болады.

4 - б а п

Апат зардаптарын жою үшін Ресей Тарапы мынадай күштер мен құралдар тартарды:

апатты жағдайларды жоюға және апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізуге арналған апаттық-құтқару отрядтарын;

жауынгерлік құрал апатының табиғи ортаға әсеріне мониторинг жүргізуге және жауынгерлік құралдардың ұшу (құлау) трассасы бойынша гигиеналық бақылау жүргізуге арналған мамандандырылған лабораторияларды;
әуе-ғарыштық іздестіру және құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын ;

жедел әрекет ететін мамандандырылған медициналық-биологиялық бригадаларды ;

апатты жағдайларда табиғи ортаның болуы мүмкін ластану деңгейін жедел болжайтын мамандандырылған қызметтерді;

апат зардаптарын жоюға арналған аспаптар мен химиялық реактивтердің азамайтын қорын ;

кейін Ресей Тарапының нақтылы шығындарды өтеуі арқылы жауынгерлік жұмыстарды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған Қазақстан Республикасының апаттық-құтқару бөлімшелерін. Бұл бөлімшелерді тарту тәртібі Тараптардың өкілетті органдары арасындағы тиісті келісімдермен анықталады ;

Қазақстан Тарапы сұраған өзге де күштер мен құралдарды.

Ресей Тарапы сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына апатты жауынгерлік құралдардың құлау фактісінің өзі үшін, келтірілген шығынға қатыстылықтан тыс, тиісінше айыппұл төлейді.

5 - б а п

Апат зардаптарын жою үшін Қазақстан Тарапы мынадай күштер мен құралдар т ар т а д ы :

арнаулы апаттық-құтқару және іздеу-құтқару бөлімшелерін өртке қарсы, санитарлық-эпидемиологиялық, медициналық, мал дәрігерлік, фитосанитарлық, табиғат қорғау және басқа қызметтерді, сондай-ақ құқық қорғау органдарын; қажет болған жағдайда көшіру шараларын жүргізу және апат аймағында қалған елді мекендерден көшірілетін адамдарды қабылдау кезінде уақытша үй-жай құруға және тамақтандыру пункттерін ұйымдастыруға арналған азық-түлік және материалдық ресурстар запастарын; өзге де күштер мен құралдарды.

6 - б а п

Апат зардаптарын жоюға қатыстырылатын Тараптардың күштері мен құралдарының нақтылы құрамы Тараптар өкілетті органдарының апат ауданы, оның ауқымы мен зардаптары туралы жедел ақпараттарына қарай анықталады.

7 - б а п

Апаттың болуы мүмкін зардаптарын талдауды қамтамасыз ету мақсатында Ресей Тарапы Қазақстан Тарапына жауынгерлік құралдардың түрлері, олардың ұшу трассалары және апат жағдайында құлауы мүмкін аудандар бойынша қажетті техникалық мәліметтер береді.

Қазақстан Тарапының өтінімі бойынша Ресей Тарапы апат зардаптарын жою жөніндегі іс-әрекеттерге Қазақстан Республикасының мамандарын оқытуды жүзеге асырады және Қазақстан Тарапын қажетті техникалық және әдістемелік қ а м т а м а с ы з е т е д і .

8 - б а п

Апат жағдайында Ресей Тарапы апат себептері анықталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағымен шектес Ресей Федерациясы аумағында апатқа ұшыраған жауынгерлік құрал түріне жататын жауынгерлік құралдармен жауынгерлік жұмыстар жүргізуді тоқтатады, ол туралы Қазақстан Тарапын х а б а р л а н д ы р а д ы .

Ресей Тарапы Қазақстан Тарапын апаттың себептері, сол үлгідегі жауынгерлік құралдармен одан кейінгі жауынгерлік жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың орындалғаны туралы жазбаша

хабарландырады, бұл орайда сол жауынгерлік құралдармен жауынгерлік жұмыстарды қайта жаңғырту Қазақстан Тарапымен келісу бойынша жүзеге асырылады.

9 - б а п

Қазақстан Тарапының апаттық-құтқару бөлімшелерін дайындық жағдайына уақытылы келтіру мақсатында Ресей Тарапының өкілетті органы Қазақстан Тарапының өкілетті органын Қазақстан Республикасының аумағымен шектес Ресей Федерациясы аумағында жоспарланған жауынгерлік жұмыстар туралы алдын ала жазбаша хабарландырады.

1 0 - б а п

Тараптардың өкілетті органдары жауынгерлік жұмыстардың жүргізілуі жоспарланған уақыттан 8 сағат бұрын Тараптардың апаттық-құтқару бөлімшелерінің дайындығы туралы ақпараттар алмасады.

Апат туындаған жағдайда Ресей Тарапының өкілетті органдары қолданылып жүрген байланыс арналары арқылы Қазақстан Тарапының өкілетті органына қалыптасқан жағдай туралы кешіктірмей хабарлайды.

1 1 - б а п

Апат туындаған жағдайда Ресей Тарапының өкілетті органы Қазақстан Тарапын кешіктірмей хабарландырады, Қазақстан Тарапымен келісу арқылы жағдайды бағалау Қазақстан Тарапы мемлекеттік органдарының өкілдерімен бірге өзара іс-қимылды ұйымдастыру және апат зардаптарын жою жөніндегі бірінші кезекті шараларды орындау үшін Ресей мамандарының жедел тобын жасақтайды және апат туындаған сәттен 12 сағаттан кешіктірмей апат ауданына жөнелтеді.

Қажет болған жағдайда Ресей Тарапының өкілетті органы апат зардаптарын жою үшін Қазақстан Тарапымен келісілген мерзімде мамандар тобын жасақтайды және апат ауданына жібереді.

Тараптар апат зардаптарының себептерін тексеру және бағалау жөніндегі үкімет комиссияларын құрады, олар оның зардаптарын жою жөніндегі бірлескен комиссия құрады және одан арғы өзара іс-қимыл әрекеттерінің тәртібін келіседі.

Үкімет комиссиялары жұмысының нәтижелері бойынша бірлескен хаттамаға қол қояды.

1 2 - б а п

Тараптардың іздеу-құтқару және апаттық-құтқару бөлімшелерінің жауынгерлік құралдарды немесе олардың бөлшектерін жинауды, тұрғындарды медициналық тексеруді, аумақты мал дәрігерлік тексеруді, қоршаған орта объектілерінің сынамаларын сұрыптау мен талдауды қоса жағдайды бағалау жөніндегі іс-қимылы осы Келісімнің 11-бабында атап көрсетілген үкімет комиссияларымен келісілген тәртіппен, ауқымда және әдістермен бірлесіп жүзеге асырылады. Апат зардаптарын бағалау нәтижелері бойынша аталған үкімет комиссияларының уәкілетті өкілдері екі жақты актілерге қол қояды.

Апат нәтижесінде болған материалдық шығынның көлемін анықтауды Қазақстан және Ресей Тараптары үкімет комиссияларының өкілдері жүргізеді.

1 3 - б а п

Апат зардаптарын жою жөніндегі шараларды жүргізуге және қоршаған ортаға келтірілген зиянды қоса зарарларға өтемақы төлеуге байланысты шығындардың орынын толтыруды апат зардаптарын бағалаудың екі жақты қол қойылған актілері негізінде Ресей Тарапы жүзеге асырады.

Аталған шығындарға сондай-ақ мыналар қосылады:

қазақстандық мамандарды оқыту және оларға қажетті техникалық және әдістемелік қамтамасыз етулер беру;

апат зардаптарын жоюға қатыстырылған Қазақстан Республикасы апаттық-құтқару және басқа бөлімшелерінің шығындары;

Қазақстан Тарапы үкімет комиссиясының және бірлескен штабтың қазақстандық бөлігінің қызметіне байланысты шығындар.

1 4 - б а п

Қазақстан Тарапы Ресей Тарапы өкілдерінің жауынгерлік құралы немесе оның бөлшегі құлаған жерге жіберілуін қамтамасыз етеді.

1 5 - б а п

Қазақстан Тарапы апат зардаптарын жою үшін Ресей Тарапы өкілдерінің өз мемлекеті аумағына кіруі және одан шығуы, Ресей жабдықтары мен материалдарын енгізу және шығару, сондай-ақ апат себептерін анықтау үшін жауынгерлік құралдарды немесе олардың бөлшектерін Ресей Тарапының аумағына шығару кездерінде кеден төлемдерінсіз және салықтарсыз

жеңілдетілген шекара және кеден тәртібін, сондай-ақ тарифтік емес шараларды
қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Қазақстан Тарапы Ресей Тарапының апат зардаптарын жоюға қатысатын әуе кемелеріне әуе дәліздері мен тұрақтарын артықшылықты ретпен береді.

Ресей Тарапының жазбаша өтінімі бойынша Қазақстан Тарапы апат зардаптарын жоюға келген Ресей мамандарын нақтылы жұмсалған шығындарды кейін Ресей Тарапының өтеуі арқылы көлікпен, үй-жаймен, азық-түлікпен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етеді.

16-бап

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты даулар Тараптардың келіссөздер жүргізуі арқылы шешіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссия шешеді.

17-бап

Осы Келісім Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы қатысушылары болып табылатын өзге халықаралық келісім-шарттар бойынша Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды.

18-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

19-бап

Осы Келісім оған қол қойылған күнінен бастап уақытша қолданылады және оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдердің орындалғандығы туралы Тараптардың соңғы жазбаша хабарландырған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалады. Егер Тараптардың ешқайсысы

тиісті мерзім аяқталарынан кемі алты ай бұрын оның әрекет етуін тоқтатуға ықыластылығын жазбаша хабарламаса оның әрекеті келесі бес жылға өздігінен ұзартылады.

2000 жылғы " _____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде екі дана етіп жасалды, әрі екі мәтін де бірдей күшке ие.

Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.